

Ресей Федерациясынан электр энергиясын алғаны үшін берешекті өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жыл 3 наурыздағы N 291

1994-1996 жылдары Ресей Федерациясынан электр энергиясын алғаны үшін берешекті өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі ресейдің "ЕЭС Россия" энергетика және электрификация акционерлік қоғамымен 1994-1996 жылдарда электр энергиясын алғаны үшін берешек көлемін, ресейдің "ЕЭС Россия" энергетика және электрификация акционерлік қоғамына берілген "Дальние электропередачи" және "Екібастұз ГРЭС-2" акционерлік қоғамдарының акциялары мемлекеттік пакеттерінің құнын келіссін және бекітсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп, "Екібастұз ГРЭС-2" акционерлік қоғамының акциялары мемлекеттік пакетінің 33 процентіне дейін, сондай-ақ Екібастұз кен орны "Богатырь" N 9 разрезінің алабымен "Северный" көмір разрезінің мүлкі үшін енгізілген бонусты беру жолымен алған электр энергиясы үшін "ЕЭС Россия" энергетика және электрификация акционерлік қоғамымен есеп айырысу жүргізсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің
1997.08.04. N 1210 қаулысымен. P971210_

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі "КЕГОК" акционерлік қоғамымен /"Қазақстанэнерго" ұлттық энергетика жүйесі/ бірлесіп:

"ЕЭС Россия" энергетика және электрификация акционерлік қоғамымен өзара есеп айырысу жүргізсін және 1994-1996 жылдарға электр энергиясын алғаны үшін берешекті өтеуді құжатты түрде ресімдесін;

"КЕГОК" акционерлік қоғамының /"Қазақстанэнерго" ұлттық энергетика жүйесі/ дебиторлық және кредиторлық берешектерін қайта құрылымдауды жүзеге асырсын және республикалық ішкі өзара есеп айырысулар жөнінде ұсыныстар енгізсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т.Дүйсеновке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК